



Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп



№ 26 (386) 8 - 15 шілде, 2016 жыл

Абай аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті
(Аудандық басылым тарихы 1935 жылдан бастау алады)

Бағасы келісімді

Облыс орталығында

ЖАСТАРҒА ЖАНДЫ КӨМЕК ҚАЖЕТ

Жуырда Өскемен қаласында облыс әкімі жанындағы Жастар істері кеңесінің кезекті отырысы болып өтті. Аймақ басшысының орынбасары Жақсылық Омардың қатысуымен өткен жиын барысында өңіріміздегі жастар мәселесі, оларды тұрақты жұмыспен және баспа-намен қамту шаралары тәрізді бірқатар өзекті тақырыптар ортақ талқыға салынды.



ратып, жергілікті әкімдіктердің жастар мәселесімен айналысатын бөлімінің жұмысын жандандыра түсу қажет.

Екінші кезекте жастарды ауылды жерлерде тұрақтандыру, яғни, ол үшін өскелең буынды тұрақты жұмыспен қамту мәселесі сөз болды. Бұл орайда кеңес барысында пікір білдірген облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы басшысының міндетін атқарушы Са-мал Мырзабаева нақты дәйектемелерге тоқталды. Басқарма басшысының сөзіне сүйенсек, қазіргі таңда аймағымыздағы азаматтарды жұмыспен қамту ісі бойынша жастар арасында да арнайы шаралар жүргізілуде. Атап айтсақ, бүгінде 12 мыңның үстіндегі жас аталмыш бағдарламаның игілігін көруде. Бұл ретте «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасының жас буын үшін берері мол болып тұр. Дегенмен, бұл әлі де болса төмен көрсеткіш. Сол себепті, алдағы уақыттарда мемлекеттік бағдарламалармен аймағымыздағы түрлі жобаларға жастарды көптеп тарту қажеттігі туындауда. Бұл пікірді облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар мырза да қуаттады.

Ж.Мұқашұлы облыстық ішкі саясат басқармасының жүргізген талдауларына сүйене келе, жұмыссыз жастардың саны биылғы жылы анағұрлым артып отырғанын жеткізіп, бұл бағытта тиісті орындар нақты жұмыс жүргізбей отырғанын сынға алды. Ал облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы негізінен аудандар мен қалалардан алынған мәліметтерді тіркеп, министрлікке жіберумен ғана айналысуда. Сол себептен де аталмыш бағытта тыңғылықты жұмыс жүргізу қажет.

Сонымен қатар кеңес отырысы барысында жастарды баспанамен қамту ісі де жан-жақты сөз бол-ды. Бұл ретте тың мағлұматтармен қанықтырған облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Инна Валл ханым аталмыш тақырып аясында кеңінен сөз өрбітті. Оның айтуынша, қазіргі таңда облысымыз бойынша баспана кезегінде тұрған жастардың жал-пы саны 6 мыңнан асады екен. Бұл бағыт бойынша қарқынды шаралар орын алмағанымен тиімділігі мол бағдарламалар бар. Атап айтсақ, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банк» АҚ арқылы жастардың пәтер иеленулеріне мүмкіндіктері мол. Тек бұл бағытта жастар арасында ақпараттық жұмыстар жүргізу қажет. Яғни, мемлекеттік бағдарламалардың берер пайдасы жайлы көптеген жастар әлі күнге дейін хабарсыз. Әсіресе, аталмыш бағытта аудан жастары арасында нақты шараларды жүзеге асыру міндеті күн тақырыбында тұр.

Жалпы, кеңес отырысы барысында жастардың әлеуметтік мәселелеріне қатысты әңгіме өрбіді. Базбір мекемелер мен бөлімдер жұмысы сынға алынды. Алдағы міндеттемелер айқындалды. Жиын-ды қорытындылаған облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Мұқашұлы келесі отырысқа дейін орын алған кемшіліктер қалпына келтіріліп, нақтыланған межелер еңсерілуі қажеттігін баса айтты. Соны-мен қатар, жастар мәселесіне қатысты шаралармен айналысатын бірқатар құзырлы мекемелер басшы-ларына тапсырмалар жүктеп, аталмыш бағытта жанды жұмыс жүргізуді міндеттеді.

Нұржан БАЙТӨС,
«Абай елі»,
Қарауыл- Өскемен-Қарауыл

Облыс жсаналығы

ЭКСКЛЮЗИВ: БЕРЕЛДЕГІ «ПАТ- ШАЛАР ЖАЗЫҒЫНДА» ШЫНЫДАН САРКОФАГ САЛЫНАДЫ



ӨСКЕМЕН. ҚазАқпарат - Шығыс Қазақстан облысындағы Берел қорымында қазба жұмыстарын жүргізген археологтардың б.з.д. IV ғасыр соңына жататын бірегей жәдігерлер табылған №2 қорым үстіне шыныдан саркофаг салу туралы ұсынысы өңір билігінен қолдау тапты.

«Патшалар жазығындағы» (Катонқарағай ауданы, Бе-рел) археологиялық қазба жұмыстары жүрген орынға Ә.Марғұлан атындағы ар-хеология

Институтының бас ғылыми қызметкері, профессор З.Самашевтың жетекшілігімен облыс әкімі Даниал Ахметов болды. Ғалым аймақ басшысына сенсациялық жәдігерлер туралы айтып берді, - деп хабарлады әкімнің баспасөз қызметі.

Жанадан ашылған жәдігердің мәні мынадай: биылғы жазда далалық зерттеу ба-рысында б.з.д. IV ғасырдың соңына тиесілі ер адам мен құрбандыққа шалынған жеті жылқының қалдықтары табылды. Ер адам ағаш колоннаның ішіне салынған, оның қалдықтары әлі зерттелмеді. Барлық жылқы скифтік аң стилінде өшекейленген. Жеті жылқының біреуі мініс жылқысы болғанға ұқсайды: оның өшекейлері ал-тыннан жасалған және мәйітке жақын орналасқан. Жылқы өшекейлеріндегі бір ерекшелік, ежелгі көшпелі халық мәдениетінде сирек кездесетін өтеш образында жасалған. Және үлкен саз балшықтан жасалған құмыра табылған.

Зейнолла Самашевтың айтуынша, қорғанды зерттеу әрі қарай жалғасады және өзге де жәдігерлер табылып қалуы мүмкін.

Аймақ басшысы археологтардың №2 қорым үстіне келушілердің бірегей археологиялық құндылықтарды жақыннан көруіне мүмкіндік беретін шыны сарко-фаг салу туралы ұсынысын қолдады.

Жақын күндері қыркүйек айының басына дейін саркофаг құрылысы үшін 40 миллион теңге көлемінде ақша бөлінеді.

ШҚО-ДА ТУРИСТЕР ҮШІН КИІЗ ҮЙ ТҮРІНДЕГІ ҚОНАҚ ҮЙЛЕР САЛЫНАДЫ



ӨСКЕМЕН. ҚазАқпарат - Шығыс Қазақстан облысында туризм саласын дамыту бойын-ша жоспар жаңа сала - этноту-ризммен толықты. Этнотуризмді дамытудың аймақтық жоспа-рына киіз үй үлгісіндегі ұлттық нақыштағы қонақ үй, арнайы жабдықталған тамақтану ны-сандарын салу сынды шаралар енгізілмек.

Аймақ басшысы Даниал Ахметов Катонқарағай ауданындағы сапарында Берел қорғандарына туристерді тарту үшін осындай

шешім қабылдады.

Аталған жоспарды іске асыру барысы қыркүйек айының басында Өскемен қаласында өтетін халықаралық ғылыми-практикалық конференция барысында талқыланады. Жалпы, конференцияға әлемдік деңгейдегі ғалымдар қатысады, олар Қазақстан тарихы мен археология мәселелерін ортаға салмақ.

Катонқарағай ауданының әкімдігі туризмді дамыту бағдарламасын дайындау мақсатында кәсіпкерлерді тартумен айналысады.

«Біз қорғандардың бетіне саркофаг орнату жұмыстарын жыл сайын қаржыландыруға дайынбыз. Осылайша, бір жағынан, археологтар тарихи мұрамызды зерттеу жұмыстарын жүргізсе, екінші жағынан, ғылым саласымен бай-ланысты бизнес-үрдісті дамытатын боламыз, - деді ШҚО әкімі археологиялық экс-педиция жетекшісі, профессор Зейнолла Самашевқа.

Шығыс Қазақстан облысында биыл 2016-2018 жылдарға арналған археология са-ласында ғылыми зерттеу жұмыстарын дамыту Жоспары шеңберінде еліміздің және шет елдердің жетекші ғалымдары бес көне археология ескерткіштерінде ауқымды қазба жұмыстарын жүргізіп жатқандығын айта кету керек.

НӨМІРДІҢ
АҢДАТПАСЫ

СҮЙГІЛІ АЙТЛАР ЕЛДІМНІҢ
ӘНІ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ...

5 - бет



ӘЙТЕРІМ БҰЛАҒЫ МЕНІ
ОСЛАҒИ КӨЛІ ЖАСЛАР
ЖАҢАШЫРЛЫҒЫҢДА

8 - бет



ЧІРҚЫЗ МҮШӘЙРА ЖҮЛДЕТЕРІ

8 - бет





			013		Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	0,0
		495			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	75 200,0
			023		Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	75 200,0
13					Басқалар	31 618,0
	3				Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	1 500,0
		454			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	1 500,0
			006		Кәсіпкерлік қызметті қолдау	1 500,0
	9				Басқалар	30 118,0
		123			Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	10 708,0
			040		«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономика - лық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	10 708,0
			015		Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	10 708,0
		459			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	6 093,0
			012		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	6 093,0
			100		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының төтенше резерві	6 093,0
		495			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	13 317,0
			065		Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	13 317,0
14					Борышқа қызмет көрсету	9,0
	1				Борышқа қызмет көрсету	9,0
		459			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	9,0
			021		Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	9,0
15					Трансферттер	19 174,8
	1				Трансферттер	19 174,8
		459			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	19 174,8
			006		Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	4,8
			051		Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	19 170,0
					III. Таза бюджеттік кредит беру	27 830,0
					Бюджеттік кредиттер	34 996,0
10					Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	34 996,0
	1				Ауыл шаруашылығы	34 996,0
		459			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	34 996,0
			018		Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	34 996,0
			013		Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен	34 996,0
	5				Бюджеттік кредиттерді өтеу	7 166,0
		1			Бюджеттік кредиттерді өтеу	7 166,0
			1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	7 166,0
					IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0,0
					Қаржы активтерін сатып алу	0,0
					V. Бюджет (профицит) тапшылығы	-27 830,0
					VI. Бюджет тапшылығын (профицитті пайдалану) қаржыландыру	27 830,0
	7				Қарыздардың түсуі	34 996,0
		1			Ішкі мемлекеттік қарыздар	34 996,0
			2		Қарыз шарттары	34 996,0
16					Қарыздарды өтеу	7 166,0
	1				Қарыздарды өтеу	7 166,0
		459			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	7 166,0
			005		Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	7 166,0

			023		Обеспечение функционирования автомобильных дорог	75 200,0
13					Прочие	31 618,0
	3				Поддержка предпринимательской деятельности и защита конкуренции	1 500,0
		454			Отдел предпринимательства и сельского хозяйства района (города областного значения)	1 500,0
			006		Поддержка предпринимательской деятельности	1 500,0
	9				Прочие	30 118,0
		123			Аппарат акима района в городе, города районного значения, поселка, села, сельского округа	10 708,0
			040		Реализация мер по содействию экономическому развитию регионов в рамках Программы «Развитие регионов»	10 708,0
				015	За счет средств местного бюджета	10 708,0
		459			Отдел экономики и финансов района (города областного значения)	6 093,0
			012		Резерв местного исполнительного органа района (города областного значения)	6 093,0
				100	Чрезвычайный резерв местного исполнительного органа района (города областного значения) для ликвидации чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера на территории района (города областного значения)	6 093,0
		495			Отдел архитектуры, строительства, жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог района (города областного значения)	13 317,0
			065		Формирование или увеличение уставного капитала юридических лиц	13 317,0
14					Обслуживание долга	9,0
	1				Обслуживание долга	9,0
		459			Отдел экономики и финансов района (города областного значения)	9,0
			021		Обслуживание долга местных исполнительных органов по выплате вознаграждений и иных платежей по займам из областного бюджета	9,0
15					Трансферты	19 174,8
	1				Трансферты	19 174,8
		459			Отдел экономики и финансов района (города областного значения)	19 174,8
			006		Возврат неиспользованных (недоиспользованных) целевых трансфертов	4,8
			051		Трансферты органам местного самоуправления	19 170,0
					III. Чистое бюджетное кредитование	27 830,0
					Бюджетные кредиты	34 996,0
10					Сельское, водное, лесное, рыбное хозяйство, особо охраняемые природные территории, охрана окружающей среды и животного мира, земельные отношения	34 996,0
	1				Сельское хозяйство	34 996,0
		459			Отдел экономики и финансов района (города областного значения)	34 996,0
			018		Бюджетные кредиты для реализации мер социальной поддержки специалистов	34 996,0
				013	За счет кредитов из республиканского бюджета	34 996,0
	5				Погашение бюджетных кредитов	7 166,0
		1			Погашение бюджетных кредитов	7 166,0
			1		Погашение бюджетных кредитов, выданных из государственного бюджета	7 166,0
					IV. Сальдо по операциям с финансовыми активами	0,0
					Приобретение финансовых активов	0,0
					V. Дефицит (профицит) бюджета	-27 830,0
					VI. Финансирование дефицита (использование профицита) бюджета	27 830,0
	7				Поступления займов	34 996,0
		1			Внутренние государственные займы	34 996,0
			2		Договоры займа	34 996,0
16					Погашение займов	7 166,0
	1				Погашение займов	7 166,0
		459			Отдел экономики и финансов района (города областного значения)	7 166,0
			005		Погашение долга местного исполнительного органа перед вышестоящим бюджетом	7 166,0



Әдеп кеңесі

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

2016 жылдың 29 маусымында Т.Қ.Жұмағұловтың төрағалығымен және облыстық прокуратура қызметкерлері, БАҚ өкілдерінің қатысуымен Әдеп жөніндегі кеңестің кезекті отырысы өтті. Кеңес отырысында мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамаларды жүзеге асыруға қатысты мәселелер қаралды.

Департамент басшысының орынбасары-әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының менеджері Қ.Н.Сапарғалиев өткен Кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат жасады. Өз ақпаратында Қайрат Нұрғазыұлы Кеңес шешімдерінің уақытылы орындалғандығын атап өтті.

ШҚО әкімі аппаратындағы әдеп жөніндегі уәкіл Б.Х.Закирьянова әдеп талаптарының сақталуына бақылау жасау бағытында атқарылып жатқан шаралар туралы ақпарат берді. Аталған мәселені талқылаудың қорытындысы бойынша қала және аудан әкімдеріне, мемлекеттік органдардың басшыларына әдеп жөніндегі уәкілдердің өз функцияларын тиісті деңгейде атқару бойынша жұмыстарын жандандыру туралы ұсыным жолданды.

Сонымен қатар, Кеңесте мемлекеттік мекемелердің немесе лауазымды тұлғалардың шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) жеке және заңды тұлғалардың шағымдануына жүргізілген талдау, сондай-ақ мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамалардың, қызметтік этика талаптарының сақталуына жүргізілген тексерулерге жасалған талдау қорытындысы бойынша мәселелер қаралды. Аталған мәселе бойынша ШҚО бойынша мемлекеттік қызмет істері Департаментінің мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы А.С.Карманов баяндама жасады. Өтініштерге жасалған талдаулар азаматтар көбінесе мемлекеттік қызметшілердің заңға қайшы әрекеттеріне шағымданатындықтарын көрсетті. Мәселе бойынша Әдеп жөніндегі кеңес барлық мемлекеттік органдарға жолдау үшін сәйкесінше шешім қабылдады.

Әдеп жөніндегі кеңестің 2016 жылдың 1 жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру мақсатында жүргізілген тексерулердің қорытындысы бойынша Департаменттің мемлекеттік қызмет көрсету басқармасының басшысы Жәлелов Е.К. баяндама жасады. Сондай-ақ, аталған мәселе бойынша Өскемен қаласы жер қатынастары және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Ақрамов Б.А. есеп берді. Мәселені талқылай келе, Кеңес мүшелері аталған бағытта мемлекеттік қызмет көрсетуде бірқатар заңбұзушылықтарды анықтады. Атап айтсақ, мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі сақталмайды немесе стандартпен бекітілмеген құжаттар талап етіледі. Аталған кемшіліктер 2014 жылы жүргізілген тексеру қорытындысы бойынша да анықталған. Кемшіліктер көбінесе мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды тұлғалардың өзара алмастырулары болмағандықтан және қызметкерлер арасындағы міндеттердің сәйкесінше бөлінбегендіктен орын алған. Кеңес мүшелері кінәлі лауазымды тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тарту және кемшіліктерді жою бойынша нақты шаралар қабылдау туралы шешім қабылдады. Шешім орындау үшін Өскемен қаласы әкіміне және «Өскемен қаласының жер қатынастары және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ жіберілді.

Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығы

2006 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ АЙНАЛЫСТАҒЫ БАНКНОТАЛАРДЫ АУЫСТЫРУ ТУРАЛЫ

Ұлттық Банк 2016 жылғы 3 қазанда 2006 жылғы үлгідегі номиналы 2000, 5000, 10000 теңге банкноталардың айналымда жүруі аяқталатынын еске салады. Аталған күнге дейін бұл банкноталар заңды төлем құралы болып табылады және Қазақстан Республикасының барлық аумағында қандай да бір шектесіз төлемдер мен банктік операциялар жасау үшін қолданылады.

2016 жылғы 4 қазаннан бастап 12 ай ішінде 2006 жылғы үлгідегі номиналы 2000 теңге, 5000 теңге, 10 000 теңге банкноталарды екінші деңгейдегі банктер мен Ұлттық Банктің филиалдары қолданыстағы ақша белгілеріне айырбастайды.

2017 жылғы 4 қазаннан бастап 2020 жылғы 3 қазанға дейін – тек Ұлттық Банктің филиалдары ауыстырады.

2020 жылғы 4 қазаннан бастап банкноталар жарамсыз болады.

Туындаған мәселелер бойынша Ұлттық Банктің Шығыс Қазақстан филиалына мына телефондар арқылы хабарласуды сұраймыз: 254-306, 254-496.

БИЛЕР ДАНАЛЫҒЫ

Қазақ даласында би болу заманында аса мәртебелі атақ болды. Оған күрделі талаптар қойылды.

Қазақтың әдеттік-құқықтық жүйесі тарих бойы қалыптасқанын, оның әр түрлі ғасырлар үнімен үндестігін баса айтпаса болмайды. Бір жағынан алғанда, оның консервативтік сипаты, екінші жағынан көшпелі өркениет ауданында әр кез қозғалыста, дамуда болғандығы сезіледі. Осындай өзгерісті қозғалыс барысында би - қазақтың құқықтық дәстүрлерінің сақтаушысы ретінде көрініс тапқан. Бұл оның кәсіптік қызметінің міндетті қыры болып табылады. Сонымен қатар би - Ұлы дала құқығын еркін талқылаушы, әрі оның нормаларын қоғам өзгеруіне сай қолданушы.

Елге белгілі Мақаш әкім (Мұқаһбетжан Шолтырұлы Бекмұхамбетов 1830-1904 ж.ж.) Бөкей ордасына келгенде, атақты Малтақан биге (1820-1910) арнайы қолқа салып:

- Малтақан аға, дүниеде «айналайынның» шегі нешеу? Әбден кейінгенде «атаңа нәлет» деп ренжиміз. Олай болса атаңа нәлеттің түрі қандай? Осы жағдайларды түсіндіре кетсеңіз,- деп сұрапты.

Сонда Малтақан би кідірместен:

- Е, Мақашжан, бар болғаны осылардың жауабын таба алмай, дал болып жүрсең, әуелгің үш, кейінгің төрт ағайынды ма деп қаламын.

- Олар-өзің үйде бол, болма ауылына ат байлаған ес - дос, жакын-жаран, кез-келген құдайы қонаққа жарқырап отырып барын базар ете, берген шайын шалып тастаған тоқтыға, тоқтысын жетектетіп мінізіп жіберер тай-құнанға пара-пар етіп, есте қалдыратын ақжарма жайсаң қатыннан айналайын!

Содан соң жүген алып, жүгіріп барғанында теріс айналып, артын бермей, қасқайып қарап тұратын ер қанаты-атыңнан айналайын!

Байтақ елге басы болып тұрғанда қоластындағы пақыр-мүшкіл адамдар, әлді-хәлділерден таяқ жеп, тепкі көріп алдына анырап келгенде байдың малы, бидің жағы, мырзанын сыйына қызығып, жылағанның жанына, дау-дамайдың сырына шымбатып, үніле алмаған хәкім – атаңа нәлет!-деп жауап беріпті.

Ал нәлетін: ес-дос, жора-жолдас, болмаса алыс жолдан арып-ашып жеткен құдайы қонаққа «үйде су жоқ», «әбдіреде ас жоқ», «аулада отын қалмапты» деп пеш артына кіржіңдеп, аяқ – табақ пен алысып, ошақ басына жоламай қоятын қатын –атаңа нәлет!

Мойнына бұршақ салып, Алладан алты ай жаз, үш ай күз сұрап, тілеп алған ұл-кызың есейіп, бой жеткенде әйелі не күйеуінің пыш-пыш күнкіліне ілесіп, жағың түсіп, буының салдырған кезде өзіне ақырып-бақырып, төбене зікір салса, басына өңгір таяқ орнатса нағыз соның өзі – атаңа нәлет!

Қысы-жазы екі ауылдың арасын шаң қылып, қара суды қақ бөліп ішкен көршің көне сырды бөлісіп, жастығыңды жаңғыртар жалғыз досың келгенде біріге алмадың деп, сырынды жатқа жайып, сыртыңнан ғайбаттаса сол-атаңа нәлет!

Басыңа бақыт дарып, халқыңа аға атанған шағыңда, біреуден қорлық, озбырлық не қинат көрген пақырлар мен жаяулар алдыңа келгенде, байдың малы, бидің жағы, мырзанын сыйына қызығып, жылағанның жанына, дау-дамайдың сырына шымбатып, үніле алмаған хәкім – атаңа нәлет!-деп жауап беріпті.

Малтақанның жауабынан дән риза болған Мақаш әкім: «Аға, бәрін де дұрыс айттыңыз. Қай –қайсысы да өмірде кездесетін жайлар екен. Сізге көптен-көп рахмет!» - деп, ризашылығын білдіріпті.

Ертедегі билер даналығы - бүгінімізге де үлгі, қазіргі заман билері өз құндылықтарымыздан терең деріс алса игі болар еді дейміз.

8 - 15 шілде 2016 жыл

Мемлекеттік қызмет сапасын арттырудың маңыздылығы

Әлеуметтік-бағыттағы қоғамда немесе мемлекетте, мемлекеттік органның әрбір қызметі мен функциясы - халықтың жағдайын жасауға, халықтың мүддесіне қарай бағытталған. Сондықтан, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің сапасын арттыру – әлеуметтік-бағыттағы мемлекет құру мен әлеуметтік-экономикалық модернизациялаудың кепілдігі.

2013 жылы 15 сәуірде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы қабылданды. Көрсетілетін қызметті алушылардың қандай да бір кемсітушіліксіз теңдей қол жеткізуі, сапасы мен қолжетімділігі, есеп берушілік пен ашықтық, үнемділік пен тиімділік осы заңның негізгі қағидаттары болып табылады. Бұрын сонды болмаған «мемлекеттік көрсетілетін қызмет», «стандарттар мен регламенттер», «мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау», «мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына мемлекеттік бақылау» атты жаңадан ұғымдар енгізілді. Бүгінгі таңда мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімінде 739 қызмет түрі бар. Әрқайсысы стандартталған және регламенттелген. ҚР Мемлекеттік қызмет істері Министрлігінің аумақтық департаменттері жасырын мемлекеттік қызметтерді анықтап, тізілімге енгізу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізеді. Аталған Заңның қабылданғанына үш

жылдан аса уақыт өткенімен, азаматтардың көбі әлі де стандарт пен регламент атты ұғымдарды түсіне бермейді. Сондықтан, мемлекеттік мекемеге қандайда бір қызмет алу үшін келген азаматқа мемлекеттік қызмет алу кезіндегі құқықтары мен міндеттері стандарттарда толық көрсетілгендігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу мемлекеттік қызметшілердің тікелей міндеті.

Қазіргі жоғарғы технологиялар кезеңінде мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қатысты ақпараттың болуына баса назар аударылуда. Атап айтсақ, мемлекеттік органның интернет-ресурсында мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттері орналастырылуы және жаңартылып отырылуы, мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты жыл сайынғы есеп орналастырылуы қажет.

Мемлекеттік қызмет көрсету – бұл қоғам мен мемлекет арасындағы қарым-қатынасының бірден-бір бөлігі. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің сапасын бағалай отырып, халық мемлекеттік аппарат пен үкімет жұмысына баға береді. Сондықтан, мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыруда мемлекеттік қызметтердің сапалы көрсетілуі аса маңызды.

Р.СЛӘМХАН

М.ШҚО бойынша Мемлекеттік қызмет істері Департаментінің бас маманы

ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ АЯСЫНДА ӨТКЕН БАЙҚАУ ҚОРЫТЫЛАНДЫ

Құндызды ауылдық округі әкімінің аппараты әрдайым тұрғындарды құқық бұзушылыққа мүлдем төзбешілік принципін ұстануға және белсенді араласуға шақырады. Нөлдік төзімділік – бұл азаматтардың қандай да бір құқық бұзушылық әрекеттерге оң көзқараспен қарауына бағытталған. Мұнда қоғамдық тәртіпсіздікке, қоқысты бейберекет орындарға тастау әрекетіне мүлдем төзбеу, яғни азаматтардың ішкі мәдениетін қалыптастыру мәселесі көзделеді. Осы ретте «Нұр Отан» партиясының «Біздің ауыл» партиялық жобасын айтуға болады. Аталған жобаның мақсаты ауылдық елді-мекендерді абаттандыру, ауыл өмірінің сапалық жағдайын жақсарту болып табылады. Тұжырымдаманың өзектілігі ауыл өмірінің деңгейін көтеруге бағытталған. Осы мақсатта Құндызды ауылдық округінде елді-мекендерді көгалдандыру, көріктендіру, абаттандыру үшін маусым айында «Үлгілі аула», «Үздік дәліз», «Таза көше» номинациялары бойынша өткен байқау қорытындыланды. Байқауда көшелердің, үйдің, ауланың, дәліздің тазалығына, әкелуіне, қоршаулардың әдемілігіне, сырлануына басты назар аударылған болатын. Осы конкурс аясында ұйымдастырылған комиссия шешімімен ауыл тұрғындарына марапаттау жасалып, арнайы сыйлықтар берілді. Конкурс аясында «Үлгілі аула» номинациясымен Қ.Тілегеновтің, «Үлгілі дәліз» номинациясымен С.Хайруллиннің үйі, «Таза көше» номинациясы бойынша Ш.Әбенов көшесі ұсынылып, марапатталды.

Туған өлкеміздің өмір-тіршілігіне бағытталған қарым-қатынасымыз көптеген жайттармен тығыз байланысты. Өзіміз және өзіміздің жақындарымыз үшін қарапайым ережелерді сақтап, тәртіп пен мәдени тұрмысымызды бірлесе жақсартуға үлкен жауапкершілікпен қарауымыз керек. Өйткені, нөлдік төзімділік – таза әрі қауіпсіз ауылдың кепілдігі.

Бақытжан СЫДЫҚОВА,

Құндызды ауылдық округі әкімі аппаратының жастар ісі жөнінде бас маманы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ СТАНДАРТТАРЫНА ЕНГІЗГЕН ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына мынадай өзгерістер енгізілді:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің «Әскери – техникалық мектебі» РМҚК филиалдарына Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарт талаптарына сәйкес азаматтарды ақылы негізде оқу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциалық емес акционерлік қоғамына өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап мемлекеттік көрсетілген қызмет мерзімі 42 (қырық екі) күн болып белгіленеді.

Мемлекеттік көрсетілген қызметті уақтылы ұсынбау туралы көрсетілген қызметті алушылар тарапынан наразылықтар тудырмау мақсатында мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын қоса берілген өтініш жергілікті әскери басқару органдарына келіп түскен сәттен бастап стандарт талаптарының шеңберінде екі күн ішінде мемлекеттік корпорацияға оқуға қабылданады немесе дәлелді бас тартылғаны туралы хабарламаны жолдауы қажет.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы бойынша көрсетілген қызметті алушы (не нотариат растаған сенімхат бойынша оның өкілі) өтініш білдірген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

Жергілікті әскери басқару органдарына:

- Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-ші қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);
- Әскери құжат (әскери есепке тиесілілігін айқындау үшін тіркеу куәлігі немесе әскери билет)
- Білімі туралы құжаттың көшірмесі (салыстырып көру үшін түпнұсқа);
- Соттылығының жоқтығы туралы анықтама;
- Әскери қызметке жарамдылығы туралы медициналық куәландыру картасы;
- Ақы төлегені туралы түбіртек;

Бұл ретте мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсынуудан бас тарту тек мыналар бола алады; бір жылға белгіленген нарядтың орындалуы, соттылығы, жасы бойынша сәйкессіздігі, әскери қызметке жарамсыздығы және т.с.с.

Оқыту кезеңдерінің біріне наряд орындамаған жағдайда қызмет алушыны хабардар етумен және келесі кезең оқуының басталатын күнін көрсетумен қызмет алушы автоматты түрде екінші оқу кезеңіне өтеді.

Жинақтау және қызмет алушыны оқыту кезектілігін қызмет алушының өтініш берген күніне сәйкес қорғаныс істері жөніндегі департаменті әскерден тыс даярлық бөлімінің бастығы белгілейді.

Осы норма Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 24 ақпандағы №86 бұйрығымен бекітілген «Азаматтарды әскери-техникалық және басқа да әскери мамандықтар бойынша даярлау» мемлекеттік көрсетілген қызмет регламентінің 6-тармағында көзделгендей яғни, көрсетілген қызметті алушыға әскери оқытылған резервті даярлау бағдарламасы бойынша оқытуды аяқтағаны туралы сертификат беруден дәлелді бас тарту мемлекетті қызмет көрсету нәтижесі болып табылады.

Сондай-ақ, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 4-тармағына сәйкес Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери оқытылған резервті даярлау бағдарламалары бойынша оқыту үшін азаматтарды іріктеу мен жіберуді жергілікті әскери басқару органдары жүзеге асырады.

Мемлекеттік корпорация мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініш қабылдаған сәттен бастап көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесіне сәйкес оқыту үшін ақы төлегені туралы түбіртекті талап етеді.

Стандарттың 9 - тармағына сәйкес көрсетілген қызметті алушы мемлекеттік корпорацияға өтініш берген кезде оқытуға қабылдау туралы жергілікті әскери басқару органдарынан алған хабарлама болған жағдайда оқыту үшін ақы төлегені туралы түбіртекті ұсынады.

Азаматтар мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кезеңінде мерзімді әскери қызметке шақыруға жататын әскерге шақырылушылар тек ауданның (қаланың) әскерге шақыру комиссиясының әскерге шақыруды кейінге қалдыруды (Заңның 35-бабы 5-тармағы) немесе әскери қызметке шақырудан босату туралы (Заңның 35-бабы 1-тармағының 2,3,5,6 тармақшалары) шешімінің кейін Әскери техникалық мектебі филиалдарында ақылы негізінде оқытудан өте алады.

Құжаттамалық реттілік пен жылдамдық басты орынға шыққан қазіргі таңда кез - келген мекеменің қызметі ұйымдық-құқықтық құжаттарды дайындаудан басталады. Ал осы ретте мемлекеттік мекемедегі іс-қағаздарын жүргізудің маңыздылығы жоғары екенін, оның ішінде мемлекеттік тілдің мәртебесі ерекше орынға қойылатыны айтпасақ та түсінікті. Десек те, бүгінде былайғы көпшілік ескере бермейтін осынау саланың өзіндік қыр-сыры, ерекшелігі мен жауапкершілігі зор. Бұл жайында Қарауыл ауылдық округі аппаратының бас маманы Ерболина Гүлжан Тілеуханқызын сөзге тартып, біршама тың мағлұматтарға қанықтық.



жүйесіздігіне алып келеді. Мұның өз кезегінде түрлі қиыншылықтар мен даулы оқиғаларға соқтыратыны айтпаса да түсінікті.

- *Сөзіңіз аузыңызда, осы ретте кәсіби маман ретінде құжат деген ұғымға түсініктеме бере кетсеңіз. Қоғамдық өмірімізде қандай қағаздар құқықтық тұрғыдан маңызды саналады?*

- Дұрыс айтасыз. Құжат деп қандай да бір зат тура-

тысы ғана екенін де ескерген жөн.

- *Электронды құжат деген ұғымнан келіп шығады. Қазіргі таңда құжаттамалық жұмыстарды жүргізуде «Е-қызмет» жүйесі де өмірімізге дәйеге еніп келеді. Бұл жайында айтарыңыз...*

- Иә, сіз айтқандай, электрондық құжат айналымына «Е-қызмет» жүйесі де кіреді, бұл - дербес басқарудағы бірыңғай интеграциялық ақпараттық жүйе. Бұл жүйенің енгізілуі орталық және аймақтық деңгейде мемлекеттік қызметшілер туралы толықтай кадрлық ақпаратты онлайн тәртібінде алуға, қағаздық құжат айналымды азайтуға бағытталған. «Е-қызмет» жүйесінің мақсаты - мемлекеттік органдардың кадр қызметі, мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қызметін автоматтанды-

ГҮЛЖАН ЕРБОЛИНА: ІС-ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУДЕ РЕТТІЛІК ҚАЖЕТ

- *Гүлжан Тілеуханқызы, ең алдымен ұйымдық құжаттар дегеніміз не және іс-қағаздардың маңыздылығы қандай деген сауат топірегінде ой орбітсек...*

- Сауалыңыз орынды. Бірінші кезекте айта кетейін, ұйымдық құқықтық құжаттарға жарғы, ереже, шататтық кесте, жұмыс тәртібі лауазымдық нұсқаулық және т.б. жатады. Жалпы іс-қағаздарының қоғамда, адам өмірінде қолданылмайтын саласы жоқ. Адам дүниеге келгеннен бастап бақилық болғанға дейінгі бүкіл өмірі құжатпен байланысты. Өз өмірінде іс-қағаздармен бетпе бет келмеген жан жоқ, сірә. Адам баласы көмелеттік жасқа толғаннан кейін, қызметке түру үшін өтініш жазудан бастап, ұрпағына арнап өсиет қалдырғанға дейін қаншама құжат толтырады, қаншама құжатқа қол қояды. Алайда, бұның бәрі арнайы реттілікпен белгіленген тәртіпке, жүйеге сәйкес жүргізбесе, бұл құжаттар көптеген келіспеушіліктер мен дау-жанжалдарға да себеп болады. Сондықтан да іс-қағаздарын жүргізу негіздерін білу тек әр алуан мекемедегі қызметкерлерге ғана емес, әрбір азамат адам үшін де өте маңызды дер едім. Кез - келген ғылым саласы секілді іс-қағаздарын жүргізуді тек басшылардың, хатшылардың, референттердің, іс қағазын жүргізушілердің ғана ісі деп қарау дұрыс емес мұны әрбір сауатты адам мүлтіксіз меңгерген ләзім. Сонда ісіміз тиянақты уақытымыз үнемді, шаруамыз берекелі болады. Өзімізге тиесілі құқықтарымыз аяққа тапталмайды. Кез-келген мекеме мен кәсіпорында құжаттардың құжат айналымы жүйесін дұрыс ұйымдастырудың маңызы аса зор. Құжаттардың негізінде басқару шешімдері қабылданады, даулы мәселелер шешіледі. Қандай мекемеде болмасын, сауатты жасалып, заңды күшке ие болған құжат қана табысты жұмыстың кепілі болады. Мекемеде - құжат айналымының талапқа сай ұйымдастырылмауы құнды құжаттардың жоғалуына, мекеме іс-қағаздары жүйесінің

лы ақпаратты тіркеуге, беруге және сақтауға қызмет ететіннің барлығын айтамыз. Басқаша айтқанда, құжат ақпараты бар материалды тасымалдаушы ретінде қағаз, компьютер дискісі, фото және флешка, электрондық почта қызмет етуі мүмкін. Іс құжаты өкімшілік басқару ақпаратты белгілеу үшін қызмет етеді. Іс-қағаздарын жүргізу - мемлекеттік стандарттарға сәйкес құжаттармен іс-қағаздарын жасау және солармен жұмыс жүргізуді ұйымдастыру, атап айтқанда құжаттардың жүру барысына іздестіруге және сақтауға жағдай жасау қызметі. Осы анықтаманы жадымызда ұстай отырып іс - қағаздарының маңыздылығын тұжырымдай аламыз. Осы ретте іс жүргізуші референттердің міндеттеріне іс құжаттары стандарттардың талаптарына сәйкес жүргізу, құжаттардың жүру барысына жағдай жасау, құжаттарды тіркесулі ұйымдастыру, құжаттардың жүру барысын және орындалу мерзімдерін бақылау, орындалған құжаттарды іздестіруге жағдай жасау жатады.

- *Бүгінде күнделікті өмірімізде компьютер арқылы іс-қағаздарын жүргізу әдісі де қолданылады. Электрондық құжаттардың маңыздылығы қандай?*

- Мекеменің жұмысы табысты болуы көбінесе оның басқару процесін автоматтандыру деңгейіне де байланысты. Рас, бүгінде компьютер іс-қағаздарын жүргізуді ұйымдастыруда айрықша қажетті құралға айналып кетті. Ол құжаттарды жасау-да, жалпы мекеме жұмысын тиімді ұйымдастыруда таптырмас және ажырамас құрал. Қазіргі кезде құжаттарды жасау үшін қолданылатын компьютер бағдарламалары жеткілікті. Мысалы: word 2006, word 2004. Мұндай бағдарламалар «мәтінді редакторлар» деп аталады. Электрондық құжаттың ақпараттық табиғатына тән бір ерекшелік - ол қағаз құжаттарға қарағанда әлдеқайда ұзақ сақталады және сенімдірек. Электрондық құжат айналымының құқықтық базасын қалыптастыру - істің жар-

ру, мемлекеттік қызметтегі дербес басқаруды әлемдік тәжірибеге сәйкестендіру. Жаңа жүйеде мемлекеттік қызметшілердің қаржылық кірісі мен шығысы көрініс табады. Бұл жүйе салық пен қаржы жүйелерімен тікелей ақпарат алмасады. Осы жүйеде басшылардың қарамағындағыларға қойған бағасы көрініп, баға басшылықтың паракшаларында болады. Бұл ретте басшылар оңды-солды бестік баға тарата алмайды. Мәселен, қызмет орнында мемлекеттік қызметші өзін нашар жағынан көрсетсе, бұл жөніндегі хабарлама әлгі басшыны тағайындаған тұлғаға жеткізіледі. Басты міндет - сапаны арттыру. Осы ретте қолданысқа жіберіліп отырған «Е-қызмет» жүйесінің мемлекеттік қызмет саласындағы жемқорлықты болдырмаудың нақты құралы болып табылатынын айта кеткен жөн.

- *Сұхбат соңында өз қызметтеріңізге байланысты мағлұматпен бөліссеңіз.*

- Жеке және заңды тұлғалардан ағымдағы жылы Қарауыл ауылдық округіне келіп түскен 20 өтініш бар. Облыс әкімдігінің тапсырмасы негізінде өтініш иесіне тиісті жауап басқарма тарапынан уақытылы және толық түрде берілді.

Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау жұмысы мекеме басшысымен тұрғылықты түрде жүргізіледі, алайда, сараланып отырған уақыт ішінде жеке қабылдануына ынта білдірген тұлғалар болған жоқ. Тағы бір айта кетерлігі сол, сыбайлас жемқорлыққа қатысты өтініштер түскен емес. Жеке және заңды тұлғаларға жауаптар уақытылы қайтарылды. Өтініштерді қарау мерзімін ұзарту әлде бұзу деректері осынау уақыт ішінде орын алмады. Яғни, бұл ретте құжаттамалық жұмыстарды жүргізу тәртібіне сай әрекет етті деп сеніммен айта аламын.

- *Сұхбатыңызға рахмет. Еңбектеріңізге табыс тілейміз.*

Сұхбаттасқан Анар СӨРСЕНБИНА,
«Абай елі»

МЕЙРАМБЕК БЕЛІЗБАЕВ: МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ - ЕЛ МҮҚДӘР ЖОЛЫЖАҒЫ ЕЖБЕК

Әр мамандықтың өзіндік қыр-сыры бар. Соның ішінде мемлекеттік сала айрықша маңыздылыққа ие. Осы орайда, ұзақ жылдар бойы табанды қызмет атқарған білікті маман, бүгінде еңбегінің зейнетін көріп отырған мемлекеттік қызмет ардагері Мейрамбек Белізаевпен арнайы жолығып, сұхбаттасқан едік. Мақсатымыз - Елбасы айқындап берген бес институционалды реформаның негізгі басымдығы - мемлекеттік сала мен аталмыш қызметтегі кадрлар дайындау мәселесі және жасапты қызметтің маңызын арттыруға бағытталған бағдарламалар жайына қанығу еді. Сала ардагерімен әдемі әңгіме орбиді, ағамыз өткен күндердің естеліктерімен бөлісті.



- *Мейрамбек аға, сіз мемлекеттік қызметте ұзақ жылдар бойы еңбек өтілі бар тәжірибеге бай мамансыз. Аталмыш салаға байланысты туындайтын барлық мәселе сізге етене таныс. Осы ретте айта кетер жайт, Елбасының мемлекеттік салаға басымдық бере отырып, бірқатар нақты тапсырмаларды ала қойғаны сіз бен бізге белгілі. Бұл міндеттемелер негізінде жүктейді?*

- Иә, Елбасы Н.Назарбаевтың әр көтерген бастамасы, бағыт көрсеткен бағдары аса маңызды екендігі әрі орынды идеядан туындайтыны анық. Бұл ретте Ұлт Көшбасшысы билік басында отырған ақ жағалылар, яғни, мемлекеттік қызметкерлерге байланысты өзіндік нақты міндеттерді айқындап берді. Осы орайда, білікті кадрлар дайындау, арнайы конкурстық жүйе арқылы басшылыққа тағайындау - өте құптарлық іс дер едім. Бұдан өзге сала мамандарының этика, эстетикалық ұқыптылығына да назар аудару қызметкерлердің жұмысқа деген жауапкершілігін арттырады анық. Меже айқын, енді тек артылған міндеттерді орындау қажеттігі ғана бар. Елбасы айқындаған бұл жоспар елімізде, оның ішінде Ұлылар елінде де қолдау тауып, нақты іске асырылу-да.

- *Мемлекеттік саладағы еңбек өтіліңіз 30 жылдан асады екен. Өзіңіз қызмет атқарған жылдар туралы аз-кем тоқталып өтсеңіз...*

- Мен бұл салада 1972 жылдан бастап қызмет етіп келемін. Ең алғаш рет кеңес үкіметі жылдарында аудандық Кеңес атқару комитетінің жоспарлау комиссиясында аға экономист, төраға болып қызмет жасадым. Содан соң, 1982 жылдан бастап 1991 жылдар аралығында Қазақстан Компартиясы Абай аудандық комитетінде ұйымдастыру бөлімі меңгерушісінің орынбасары, партиялық есеп секторының меңгерушісі болып елулі қызметтер атқардым. Ал, 1991 жылдан 1994 жылға дейін аудандық Кеңес атқару комитетінің жекешелендіру бөлімінің бас маманы, 1997 жылдарға дейін ҚР-ның Мемлекеттік қаржы бақылау комитетінің Абай ауданындағы бөлімшесінде бақылаушы - тексеруші қызметтерін, одан соң аудандық әкімдікте бірқатар дәрежелі қызметтерді атқара отырып, зейнеттік демалысқа шықтым. Айта кетер болсам, аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру бөлімінде бас маман, аудан әкімі аппараты басшысы лауазымдарын абыроймен атқардым дей ала-

мын. Осынау жылдарда мемлекеттік қызметтің жауапкершілігін, жүктелер міндеттемелердің ауыртыпашылығын айқын сезіндім.

- *Аталған салада қандай жетістіктеріңіз бар? Бөлісе отырсаңыз...*

-Бәрінен бұрын өз ауданымның өркендеуіне елеулі үлес қостым дей аламын. Мен үшін халық игілігі жолындағы атқарылған еңбек бәрінен қымбат. Ал, жеке қызметтік өміріме келер болсам, осынау еңбек жолында бірнеше марапаттарға ие болдым. Мәселен, 2005 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалін алдым, Елбасының алғыс хатын төрт мәрте иелендім және Шығыс Қазақстан облысы әкімінің Құрмет грамотасын алдым. Бәлкім еңбегімнің еленгені осы шығар.

- *Қазіргі таңда мемлекеттік сала тұтқасын ұстап жүрген жас мамандарға қандай ағалық ақыл-кеңес айтар едіңіз?*

-Бүгінде қалыптасқан бір игі үрдіс бар. Яғни, мемлекеттік қызметке кіріспес бұрын жастар қолдарын жүрек тұсына қойып, жұмысына адал болуға ант беріп жатады. Бұл тектен текке жасалып жатқан жоқ. Халық алдында адал қызметкер болсын деген ақ ниеттен туындағаны белгілі. Сол себептен қазіргі жас мамандарына айтар ақылым, абыройына кір шалдырмай, қызметіне дақ түсірмей адал еңбек етсін. Кәсіби біліктіліктерін жетілдіріп, үнемі ізденісте болсын. Содан соң, азаматтың ажарын ашық етер жайт - оның әдептілігі. Бұл ретте мемлекеттік қызметшінің өзіндік имиджін қалыптастыруымыз керек. Яғни, ар-ұждан, мораль нормаларын қатаң сақтау қажет дер едім.

- *Сұхбатымыздың соңында отбасыңыз жайлы бірер сөз...*

-Мен 1972 жылы отбасын құрып, Рымкүл аналарымен шаңырақ көтердім. Бүгінде жұбайым өмірден озды. Десек те, екі ұл, бір қыз тәрбиелеп өсіріп, немере сүйіп отырған сүйікті атамын. Ұрпағым, ел ертеңі саналар қазіргі жастарға бар жақсылықты тілеймін. Отанымыз аман, ел іргесі тыныш, бірлігіміз бекем, тұрақтылығымыз мығым болсын деген ізгі тілек білдіргім келеді.

- *Сұхбатыңызға рахмет!*

Сұхбаттасқан Тоғжан РАХЫМБЕКҚЫЗЫ,
«Абай елі»

Сахнадағы 50 жыл

СҮЙІП АЙПАР ЕЛІМЖІЖІ ӘЖІ БОЛҒЫМ ЖЕЛДІ...



ерке қызы Баян Сағынбаева болатын. Ұзақ соғылған көрермен қошеметі ән мен әншіні қимандығын әйгілегендей.

Біз білетін тума талант иесі 1950 жылы Абай ауданында өмірге келген болатын. Шыңғыстаудың өз қызы. Өнердегі жолын «Қаламқастан» бастаған Баян Сағынбаева бүгінде мақтау-марапаттың иесі. Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері. «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» медалінің иегері. Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты. Концерттік сапармен Чехия, Словакия, Қытай, Туркияда және еліміздің барлық облыстарында болған жан. Бүгінде Шығыс Қазақстан облыстық Әміре Қашаубаев атындағы Семей мемлекеттік филармониясында өнер көрсететін майталман әнші өнерде жүргеніне 50 жыл толуына орай туған

еліне келіп тегін концерт беруді жоспарлапты. Халқымен қауышып, сәлемдесіп алған Баян ән кешін «Солғандай гүлде мүлде», «Қыз қуу», «Последний раз» әндерін ерекше сұлу сазымен үйлесім тапқызды.

Әнші жерлесіміз өзімен бірге семейлік жас таланттарды да ерте келіпті. Солардың арасында 1982 жылы 14 тамызда Монғолияның Баян - Өлгей қаласында туған, Ұлан-Батор қаласындағы жоғары оқу орнының өнер бөлімінде би мамандығын алған биші Айнуір Асхардың өнеріне сүйсінбеген жан болмады. Айнуір жас болса да көптеген Халықаралық би байқауларының бас жүлдегері атанып, бірнеше шет мемлекеттерде концерттік сапармен болған жас дарын. Тіпті, Монғолия

мәдениетінің озат қызметкері атанып үлгеріпті. 2013 жылдан күні бүгінге дейін Ә.Қашаубаев атындағы филармонияның жеке бишісі болып жұмыс жасауда.

Ал тамаша дауыс иесі Жасұлан Тәжиевтің есімі бүгінгі өнерсүйер қауымға жақсы таныс. Жасұлан да ұлттық аспабымызбен ән шырқап, көпшіліктің көңілінен шығып, «Бә, шіркін!» дегізді. Бұдан соң «Ақ баян», «Гүлдарига», «Көзімнің қарасы», «Шыңғыстау вальсі» әндерін ионика аспабында Рақышев Рахметолланың, жетіген аспабында Әзілқияшева Жазираның, қыл қобыз аспабында Атанбеков Қасымжанның сүйемелдеуімен бірін соң бірін төгілген әнші Баян Сағынбаеваға ел құрметі ерекше болды.

Әншінің өнерде жүрген өз немересі Аружан Абзалқызы да көпшілікке таныстырылып, Мейрамбек Жанболатовтың «Ән домбыра» әнін нақышына келтіреді.


Рас, Семейден елім деп жеткен әншінің құрметіне байырғы әріптестері де әннен шашу шашып қарсы алды. ҚР-ның Мәдениет саласының үздігі Нұрғұл Демесінова мен Нұрбек Өмірбеков сынды «Қаламқастық» әншілер де сүбелі туындыларды орындап, әнші мерейін үстем етті. Ал, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің музыка мамандығы бойынша бітіріп шыққан талғамы жоғары жас әнші Парасат Отан халық әні «Жорғатайды» салғанда әсіресе үлкендер жағы разы болды. Ұлылар елінің сахнасында екі ән шырқаған жас әнші өзі де ән шығарумен айналысады екен. Репер-

туары негізінен жергілікті сазгерлердің әндерінен құралған. Биылғы жылғы облыстық «Жас қанат» байқауының бас жүлдегері атаныпты.

Осылайша, көңілдерге гүл еккен ән кешінде «Гауһартас», «Ғазизагүл», «Ах, Самара», «Іңкәрім-ай», «Ауылға барам», «Танцуй», «Шоҳсанам», «Жанбыр төкті», «Терме» әндері шарықтады. Ойнақы әндердің әуеніне билей жөнелген көрермендеріміз көп болды. Міне, әнші мен ән күдіреті қандай! Тамаша әуендерді тарту еткен Баян Сағынбаеваның ән кешінен жерлестері зор әсер алып тастады. Иә, бөрінен де халық қошеметі жоғары тұратыны анық. Бұл ретте абайлық тыңдарман өз қызын әлі де сағынады екен. Салған әндерін сағаттап тыңдауға бар. Біз мұны әнші қабілетінің ерекшелігінен деп түйдік.

P.S. Сахнадағы 50 жыл! Әрине бұл аз уақыт емес. Бір кісінің ғұмыры дерлік мерзім. Осынау жарты ғасыр бойы халық өнерімен сүйсінтіп жүрген Баян Сағынбаеваға қандай құрмет көрсетсек те артық етпейтіні белгілі. Аудан әкімінің орынбасары Марат Еділбаев аудан басшысы Тұрсынғазы Жантұяқұлының «Алғыс хаты» мен арнайы әзірленген сый-сияпатын ұсынып, өнерінің сарқылмауын, ұрпақтарының қызығын көріп, Абай елін әнге бөлеп жүре беруіне тілектестігін білдірді. Сонымен қатар, аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Еркебұлан Сағындықов, бөлімнің бас маманы Елдар Оразалы, әнші Тамара Көзбаевалар да ізгі тілектерін жеткізіп, әншіге зор ілтипат білдірді. Алдағы уақытта Абай елінің ақ Баянына «Абай ауданының Құрметті азаматы» атағы беріліп жатса нұр үстіне нұр болар еді дейміз біз де.

АНАР СӨРСЕНБИНА,
«Абай елі»



БІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ-САПАЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Мемлекеттік қызметтерді көрсету Кеңгірбай би ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» туралы Заңына сәйкес жүргізілуде. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Кеңгірбай би ауылдық округінің әкімі (мемлекеттік қызметті беруші) көрсетеді. Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі №3-2/378 бұйрығы негізінде «Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызмет түрі мемлекеттік стандарттар мен регламентіне сай жүргізіледі. Жалпы мемлекеттік қызмет көрсету құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап 30 минут. Мемлекеттік қызмет қағаз түрінде, тегін көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті беруші 2007 жылғы 15 мамырдағы «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» 96 бабына және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2011 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес сенбі - жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі - жұма күндері аралығында таңертеңгі сағат 09:00-ден кешкі сағат 18:30-ға дейін жүзеге асырылады. Түскі үзіліс сағат 13:00-ден сағат 14:30 аралығында. Мемлекеттік қызмет алдын – ала жазылусыз және жеңілдетіп, кезек тәртібімен көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті алушы жеке тұлғалар жеке басын куәландыратын құжатымен мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес өтініш ұсынады. Осы өтініш пен жеке басын куәландыратын құжаты арқылы жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама ала алады. Мемлекеттік қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне шағым жергілікті атқарушы органның тиісті әкімінің атына беріледі. Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен қызмет алушының шағымы тіркелген күнен бастап 5 жұмыс күн ішінде қаралуға жатады және жауабы қолма – қол берілуі мүмкін немесе пошта байланысы арқылы беріледі. Ауыл тұрғындары үшін аталған мемлекеттік қызмет регламентінің жалпы ережелері, негізгі түсініктері, мемлекеттік қызмет көрсету үрдісіне әрекет ету тәртібімен сипаттамасы ШҚО, Абай ауданы, Кеңгірбай би ауылы «Кеңгірбай би ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Олжабай көшесі - 11 ғимаратында арнаулы стенд орнатылған. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөнінде қызмет алушылардан шағымдар түскен жоқ. Сапалы мемлекеттік қызмет көрсету Кеңгірбай би ауылдық округінде алдағы уақытта тұрақты түрде көрсетіле береді.

Думан ТУРСЫНХАНОВ

Кеңгірбай би ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы

ХАБАРЛАМА

«Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ 2016 жылғы «11» шілде сағат 10:00-де Қарауыл ауылы, Құнанбай көшесі, 14, мекенжайы бойынша саудасаттықтың ағылшындық тәсілімен жер телімдерін және жер телімдерін жалдау құқығын сату жөнінде аукцион өткізілді.

Аукцион жеңімпаздары:

- 1 Лот бойынша: Әкімбаев Бақыт Қарауыл ауылынан: қоймаға қызмет көрсетуге арналған алаңы 0,0375 га жер телімін жеке меншікке аукцион арқылы ұтып алды;
- 2 Лот бойынша: Ардақұлы Рауан Қарауыл ауылынан: ғимаратқа қызмет көрсетуге арналған алаңы 0,0300 га жер телімін жеке меншікке аукцион арқылы ұтып алды;
- 3 Лот бойынша: Сарсекеев Жасұлан Қарауыл ауылынан: кафеге қызмет көрсетуге арналған алаңы 0,0288 га жер телімін жеке меншікке аукцион арқылы ұтып алды;
- 4 Лот бойынша: Қорғанбаев Жандос Саржал ауылынан: кафеге қызмет көрсетуге арналған алаңы 0,0250 га жер телімін жеке меншікке аукцион арқылы ұтып алды;
- 5 Лот бойынша: Молдахметұлы Марат Құндызды ауылынан: мал бордақылау алаңына қызмет көрсетуге арналған алаңы 0,1632 га жер телімін жеке меншікке аукцион арқылы ұтып алды;



БЖЗК *enpf.kz сайты мен әлеуметтік желілердегі Қордың ресми сайттарының оқырмандары мен кірушілері жиі қоятын сұрақтарға жауап береді.*

1. Мен әлі жаспын, ешқандай зейнетақы аударымдарым да жоқ. Болашақ зейнетақымының жақсы болуы үшін қазір не істеуім керек?

2018 жылдан бастап зейнетақы төлемдерінің, оның ішінде мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің мөлшері жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысуға байланысты болады. Мәселен, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жыл және одан аз болса не мүлдем болмаса, мемлекеттік базалық зейнетақы мөлшері республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейі (бұдан әрі – ЕТК) шамасының 50%-на тең болады, оның мөлшері он жылдан артық зейнетақы жүйесіне қатысу өтілінің әрбір толық жылы үшін 2 пайызға ұлғаяды, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ЕТК шамасының 100%-нан аспайды.

Бүгінгі таңдағы зейнетақының жинақтаушы бөлігі:

- 10% қызметкердің міндетті зейнетақы жарналары (бұл біз 1998 жылдан бастап ай сайын өз жалақымыздан 10% аударатырып, жинап келе жатқан сома);

- 5% міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұл еңбек жағдайлары зиянды (аса зиянды) қызметкерлердің пайдасына өз қаражаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарынан төлейтін агент (жұмыс беруші) 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап аударатын - қызметкердің ай сайынғы табысының 5% мөлшеріндегі сома)

- ерікті зейнетақы жарналары.

Бұған қоса, 2018 жылдан бастап, қолданыстағы жинақтаушы зейнетақы жүйесіне өзгерістер, яғни шартты-жинақтаушы құрамдауыш немесе жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары енгізілетін болады. Оны жұмыс беруші зейнетақы жарналарын аудару үшін қабылданатын қызметкердің ай сайынғы табысының 5 % мөлшерінде барлық қызметкерлеріне олардың еңбек жағдайларына қарамастан аудару үшін өз қаражаты есебінен төлейді. Сіз әлі жассыз, бірақ қазірден бастап зейнет жасындағы тұрмысыңызды ойлағаныңыз абзал. Сіздің зейнетақыңыздың негізгі бөлігін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төлететін зейнетақы төлемдері, яғни зейнетақы жинақтары құрайды. Болашақта зейнетақыңыз жеткілікті болсын десеңіз, міндетті зейнетақы жарналарының БЖЗК-ға тұрақты түрде әрі толық көлемде түсіп тұрғанын қадағалап отыру аса маңызды. Басқа жинақтаушы құралдар туралы да ойлаған артық болмайды, мысал ретінде ерікті зейнетақы жарналарын алуға болады. Ерікті жарналарды кез-келген қазақстандық төлей алады, ол ерікті зейнетақы шотын ашып, сол арқылы өз зейнетақы жинақтарын көбейтеді. Ерікті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі, оларды төлеу тәртібі, сондай-ақ зейнетақы төлемдерінің тәртібі ерікті

зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт тараптарының келісімі бойынша белгіленеді. Сонымен, егер Сіз зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты (шарттарды) жасамаған болсаңыз, БЖЗК кеңселерінің біріне жеке куәлігіңізбен келіп, жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтінішті (өтініштерді) ресімдегеніңіз жөн.

2. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары дегеніміз не?

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары – 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс беруші еңбек жағдайлары зиянды (аса зиянды) жұмыстармен айналысатын қызметкерлер үшін аударатын жарналар. Бұл кәсіптердің тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы №1562 қаулысымен белгіленген. Жарналар мөлшері міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару үшін қабылданатын қызметкердің ай сайынғы табысының 5 %-ын құрайды.

2016 жылғы 1 мамырда БЖЗК-да жинақтардың жалпы сомасы 76,2 млрд. теңгеге міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша 398 472 зейнетақы шоты ашылған.

3. Зейнетке шыққан кезде өзімнің барлық жинақтарымды бірден алуыма бола ма?

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы заңының (бұдан әрі – Заң) 34-бабы 9-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БЖЗК Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен алушыларға зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға міндетті. Аталған тәртіп Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.10.2013 жылғы №1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төлететін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларында (бұдан әрі – Қағида) айқындалған.

Мәселен, Қағиданың 3-тармағына сәйкес зейнетақы төлемдері белгіленген кесте бойынша ай сайын, тоқсан сайын, жыл сайын жүзеге асырылады. Бұл ретте, белгіленген кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы мынадай шамаларда есептеледі және: 1) республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен зейнетақының отыз еселенген мөлшерінен аспайды (2016 жылы «2016-2018 жылдарға арналған Республикалық бюджет туралы» ҚР Заңында ең төменгі зейнетақы мөлшері 25 824 теңгеге көбейтілді және 774 720 теңге болды (30*25 824);

2) зейнетақы жинақтары сомаларының Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесіне сәйкес алушының тиісті жасындағы зейнетақы жинақтарының ағымдағы құнының коэффициентіне көбейтіндісі ретінде есептелген неғұрлым жоғары шамасынан аспайды. Бұл есеп алушының, яғни 58 жасқа толған әйелдердің зейнетақы жинақтарының сомасы 8,223 млн. теңге және одан көп болған, ал 63 жасқа толған ерлерде 7,401 млн. теңге және одан көп болған жағдайда қолданылады. Егер алушының зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда

АНТИКОРРУПЦИОННОЕ ПОВЕДЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ ВЕЛЕНИЕ НОВОГО ВРЕМЕНИ

В рамках реализации 12-го шага по формированию профессионального, автономного государственного аппарата, обозначенного «Планом нации – 100 конкретных шагов», одним из главных векторов является усиление превенции коррупции.

Важным компонентом этой работы должна стать безусловная приверженность этическим стандартам, поскольку очевидно, что коррупционное действие (бездействие), вне зависимости от его юридической квалификации – это в первую очередь нарушение морально-нравственных норм, т.е. преступление этического характера.

Соблюдение общечеловеческих норм нравственности – одно из обязательных условий морали любого человека, особенно государственного служащего, так как государственная служба сопряжена с повышенной ответственностью.

Отсутствие или искажение морали отдельной личности деформирует сам смысл служения его интересам общества и государства.

В частности, несоблюдение со стороны отдельных государственных служащих этических стандартов служебного поведения является одним из серьезных препятствий на пути формирования правового механизма предупреждения и пресечения коррупции в органах власти и управления, что в конечном итоге приводит к различного рода должностным злоупотреблениям.

Коррупционно небезопасной является неважно какая ситуация в служебной деятельности, создающая возможность нарушения норм, ограничений и запретов, установленных для государственных служащих законодательством Республики Казахстан.

В этой связи, особую актуальность приобретает необходимость формирования у государственных служащих навыков антикоррупционного поведения, одним из которых является сознательное принятие ими на себя моральных обязательств, ограничений и запретов.

Любой гражданин страны, который хотел бы стать государственным служащим, должен четко понимать, что занятие государственной должности неразрывно связано с ограничениями, в связи с пребыванием на государственной службе, которые он обязан строго соблюдать. Это добровольный выбор каждого человека.

Новое время рождает новые требования. Требования к государственным служащим по антикоррупционному поведению и соблюдению норм служебной этики установлены в новом законе о государственной службе и детально регламентированы в новом Этическом кодексе государственных служащих Республики Казахстан, которые введены в действие с 1 января 2016 года.

Стандарт антикоррупционного поведения государственного служащего предполагает активность его действий, направленных на предотвращение коррупционных проявлений и строго соблюдение установленных предписаний, в виде отказа от совершения каких-либо незаконных действий.

При этом нравственная чистоплотность, неподкупность, преданность интересам службы, верность служебному долгу, составляют базовую основу профессионально-этического эталона антикоррупционного поведения государственных служащих Республики Казахстан.

А.С.КАРМАНОВ

Руководитель Управления контроля в сфере государственной службы Департамента Министерства по делам государственной службы Республики Казахстан по Восточно-Казахстанской области

БЖЗК ТУРАЛЫ 5 СҰРАҚ

тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен зейнетақының отыз еселенген мөлшерінен аз болса, алушы зейнетақы жинақтарының бүкіл сомасын ала алады.

Төлем жасалған соң жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы ең төмен зейнетақы мөлшерінен аз болған жағдайда, бұл қалдық төлем сомасымен бірге төленеді.

4. БЖЗК мобильдік кеңсесі дегеніміз не?

БЖЗК-ның барлық салымшылары мен алушыларының БЖЗК көрсететін қызметтерге қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында мерзімсіз болып белгіленген І, ІІ топтағы мүгедектігі бар мүмкіндігі шектеулі адамдарға барып қызмет көрсететін жаңа «Мобильдік кеңсе» жобасы 2015 жылы қолданысқа енгізілді. Қордың бастамасымен құрылған осы Жоба салымшыларға жаңа мүмкіндіктер беріп отыр. Жобаның басты мақсаты – халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау, мүгедектерге ақпараттық-кеңестік көмек беру, салымшыларға зейнетақы қызметі бойынша Қор кеңсесінен тыс жерлерде тиімді қызмет көрсету. «Мобильдік кеңсе» жобасын іске асыру үшін салымшыларға барып қызмет көрсететін мамандар командасы құрылды. Команданың құрамында БЖЗК-ның әр филиалынан бір-екі өкіл бар. БЖЗК-ға мүмкіндігі шектеулі салымшылар (алушылар) туралы мәліметтер БЖЗК мен «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық» (ЗТМО) арасындағы ақпарат алмасу туралы шарт аясында ЗТМО дирекциясының «Азаматтарға арналған Үкімет» КЕАҚ филиалының деректері негізінде беріледі.

Сондай-ақ ЗТМО деректерінің негізінде 2015 жылғы шілдедегі жағдай бойынша төлем алуға құқылы, бірақ Қорға өтініш жасамаған халықтың әлеуметтік осал топтарының тізімі Қордың ИААЖ базасынан алынды. Таяу арада мамандардың барып қызмет көрсетуі арқылы мүмкіндігі шектеулі салымшылардан (алушылардан), ал Қордың 88000801177 Байланыс орталығы мен сыртқы enpf.kz сайты арқылы түзімдік және ерекше күзет объектілеріндегі тұлғалардан өтініштер қабылдау қызметін іске асыру жоспарланды.

5. Менің қызым күйеуге шыққан соң, тегін ауыстырды. Бұл туралы БЖЗК-ға хабарлау керек пе?

БЖЗК салымшының (алушының) тегі, аты, әкесінің аты, туған күнінің өзгеру деректері туралы ақпаратты ЗТМО-дан автоматты түрде алады. Салымшыда қордың ақпарат беру жөніндегі міндеттемелеріне әсер ететін қандай да бір басқа өзгерістер (мекенжайы, электрондық мекенжайы және т.б.) болған жағдайда, салымшы бұл туралы БЖЗК-ға белгіленген тәртіппен хабарлауға міндетті.

Сондықтан, Қор барлық салымшыларынан БЖЗК-дағы деректерін тексеруді сұрайды және оларға өз жинақтары туралы ақпарат алуын барынша ыңғайлы, заманға сай, үнемді әрі жылдам тәсілін таңдап алуға кеңес береді. Себебі бұл тәсілге олардың мекенжайының, орналасқан жерінің өзгергені әсер етпейді.



ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫНДА ЖАҢА ЖҮЙЕ

2015 жылмен «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жұмыстары аяқталды Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігімен денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған «Денсаулық» бағдарламасы бойынша жұмыс басталды. Жаңа сақтандыру жүйесі, «Ұлт Жоспары-100 нақты қадам» жобасынның негізінде жасалып отыр.

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» ел Заңына сәйкес, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі елімізде 2017 жылдан бастап кезек-кезеңімен енгізіледі.

Енді еліміздегі әрбір азаматтың денсаулығы үш жақты жауапкершілікке алынады, яғни мемлекет, жұмыс беруші және азаматтың өзі бұған ат салысады. Қазақстан үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып, үш жақты ынтымақты жауапкершілік негізінде жүзеге асатын жүйені таңдады. Мысалы бұрындары инфекциялық аурулар көп болса, қазіргі таңда жұқпалы емес, яғни қан қысымы, жүрек ауруы, қант диабеті секілді ауру түрлері көбейіп отыр. Диспансерлік тіркеуде тұрған азаматтардың 50 пайызынан астамы осы сырқатқа шалдыққан. Ал мұндай аурулардың алдын алып, емдеуге жыл са-йын мемлекеттен қыруар қаржы бөлінеді. МӘМС жүйесін енгізу – дамыған елдер тәжірибесі бойынша, еліміздегі денсаулық сақтау саласының қаржылық тұрақтылығы жүйесін, медициналық көмектің қолжетімділігін арттырып, амбулаторлық – дәрілік қамсыздандыруды ұлғайтуға бағытталатынын, сонымен бірге, мемлекет пен азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы тең дәрежедегі жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Қазақстанда жұмыс беруші және әрбір адамның ынтымақты жауапкершілік негізінде әзірленген медициналық сақтандыру жүйесін енгізу жұмыстары басталады. Жаңа жүйе бойынша келер жылдың бірінші қаңтарынан жұмыс беруші және өзін – өзі жұмыспен қамтып отырған азаматтар әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарна төлейді. Әлеуметтік медициналық

сақтандыру қоры жарнасын төлеуден азаматтардың 15-санаты босатылады. Оның ішінде 12 халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал тобы, сонымен бірге, әскери қызметкерлер, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының жұмысшылары болмақ. Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал тобына жататын балалар, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері, Батыр ана атағын алғандар, I-II дәрежелі Аналық даңқ орденімен марапатталған көп балалы аналар, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, мүгедектер, жұмыссыз ретінде тіркелгендер, интернат мекемелерінде, оқытылып жатқан азаматтар жарна төлемейді. Сондай ақ, техникалық, кәсіптік орта білімнен кейін, жоғарғы білім беру ұйымдарында күндізгі бөлімде, резидентурада оқып жатқан азаматтар және 3 жасқа дейінгі бала күтімімен үйде отырған аналар, жүкті әйелдер, зейнеткерлер уақытша ұстау, тергеу изоляторларындағы азаматтар да жарнадан босатылады. Олардың барлығы мемлекет есебінен тегін көмек алады. Мемлекет бюджетінен кепілдендірілген тегін медициналық көмекке берілген қаржы тоқтап қалмайды. Қазіргі күні азаматтар қандай медициналық көмек алып жүрсе, соның барлығы алдағы уақытта жүзеге асырыла береді. Мәселен, жедел медициналық жәрдем санитарлық авиация, әлеуметтік аурулар, төтенше жағдайларда көрсетілетін медициналық көмектер, вакцина егу секілді бірқатар қызметтер тегін жүргізіледі. Сақтандыру қорындағы қаржының негізгі бөлігі профилактикалық жұмыстарға жұмсалады. Сонымен бірге, медициналық көмек деңгейі жоғарлап, сапалы дәрі-дәрмек алуға мүмкіндік туады. Сақтандыру қорына жарна төлеу арқылы тұрғындарға ауруханамен емхананы, дәрігерді таңдау беріледі. Бұл кезде емдеу мекемелері арасында бәсекелестік қалыптасады, олар халыққа сапалы қызмет көрсетуге ұмтылады. Себебі, емдеу ақысы дәрігерге сол қордан төленеді. Бұл ретте жеке меншік ауруханалар жаңа жүйеге кіруге ынтыла болады.

А.Қ.БАЛТАҚАЕВА
Абай орталық аудандық ауруханасының бас дәрігері

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ КӨРІНІСТЕРІНІҢ АЛДЫН АЛУ

Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды туғызатын немесе олардың таралуына ықпал ететін құбылыстарды айқындауға, зерттеуге, шектеуге немесе жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, субъектілерінің қызметін ұғыну керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты бағыты ретінде, оның алдын алудың осындай түсініктемесіне сүйеніп отырып, біздің көзқарасымызша, бұл тәсіл сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсатын міндеттерімен қағидаларын айқындау сияқты сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың жаңа тетіктерін әзірлеуде де көрініс тапқаны маңызды болып табылуда. Егеменді еліміздің алға басып экономикамыздың өрлеуіне сыбайлас жемқорлық кері әсерін тигізуде. Заманнан қалыспай қазіргі таңдаға қоғам індетінде айналып, дес бермей отырған сыбайлас жемқорлықты ауыздықтауды, болашақтың жарқын, кейінгі ұрпақтың алаңсыз өмір сүруі мен келешегі үшін әрбір мемлекеттік қызметкер өзіне парыз санағаны абзал.

Бауыржан МАЛҒАЖДАРОВ
ШҚО бойынша ҚАЖД
Абай аудандық пробацация қызметінің инспекторы әділет аға лейтенанты

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТРАТЕГИЯ ІСКЕ АСЫРЫЛУДА

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жаңа сатысы және ең алдымен, мемлекеттің және қоғам өмірінің түрлі салаларында осы қауіптің пайда болуы себеп-салдарының алдын алу бойынша бағдарламалық құжат болып табылады. Ол мемлекеттік билік органдарында, сондай-ақ, жеке секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды әзірлеу мен жүзеге асыру кешенін көздейді және де қазақстандық азаматтардың оған төзімсіздік көзқарасын қалыптастырады.

Мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылы 18 қарашада қабылданып және 2016 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізілген жаңа заңда қаралған. Бұл заң сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жүзеге асыруға бағытталған. Осы заңмен мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметін үйлестіретін тиісті уәкілетті орган анықталды.

Жалпыға мәлім, Мемлекет басшысының Жарлығымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау қағидалары бекітілді. Сондай-ақ, оған қоса Мемлекеттік қызмет істері министрінің бұйрықтарымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидалары бекітілді.

Аталған бұл тетіктер сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын тиімді іске асыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметшілердің адамгершілік қасиеттерін арттыру мақсатында Президенттің Жарлығымен Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі және Әдеп жөніндегі уәкіл туралы ереже бекітілді. Әдеп кодексі әртүрлі жағдайлардағы мінез-құлық барысын, яғни жұмыс кезінде әріптестерімен, қарамағындағылармен, басшылықпен қарым-қатынасты орнату, жұмыстан бос уақыттардағы мінез-құлқын анықтайды.

Жаңа кодекс мемлекеттік қызметшінің күнделікті өмірін жан-жақты қамтыған тәжірибелік анықтамалығы ретінде және меритократияны қорғау мен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетігі болды. Ал Әдеп жөніндегі уәкілдердің құзыретіне мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамаларды сақтау бойынша консультациялық көмек көрсету, Әдеп кодексінің нормаларын тәжірибеде қолдану мәселелерін түсіндіру және құқық бұзушылықтарды жасауға итермелейтін себептер мен шарттарды талдау және оның қорытындысымен мемлекеттік органның басшылығына оларды жою туралы ұсынымдар енгізу кіреді.

Ә.А.ҚАСЕНБАЕВА
Қарауыл ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы

ЕСКЕ АЛУДЫҢ ҚИЫНЫ АЙ...



Қарауыл ауылының тумасы, Семей қаласының тұрғыны болған ардақты әке, асыл жар, бірімізге ерке іні, бірімізге асқар таудай аға болған ұлымыз **Беркінбаев Бауыржан (Бауке) Наркәуліұлының** өмірден өткеніне 40 күннің жүзі болды. Артқа тастап жалған өмір мектебін, Көзден кеттің, көңілден еш кетпедің. Жаста болсаң жаратқаннан бұйрығы, Бұл өмірден шын өмірге кеткенің.

Алыс жолға бұрып кеттің ат басын,
Алла саған ауыр жүгін артпасын.
Дидарыңды ешқашанда ұмытпай,
Еске алады достарың мен отбасын.

Құран оқып, дұға тілеп қауымнан,
Бір төмпешік бұйырыпты ауылдан.
Сен жұмақта топырағың торқа боп,
Жатқан жерің жайлы болсын Бауыржан!
Еске алушы: анасы - Зәйгүл, жары - Айсұлу, балалары - Аңыз, Тасболат, Аяла және туған-туыстары.
Марқұм ұлымыздың 40 күндік асы "Атамекен" тойханасында 21 шілде күні ерлерге сағат 11:00-де, әйелдерге сағат 14:00-де беріледі. Асқа барлық туған-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, ауылдастарын шақырамыз.



Құндызды ауылының тұрғыны асыл анамыз, немере-шөберелерінің сүйікті әжесі болған **Талдыбаева Нұрғати Тұрысбекқызының** дүниеден өткеніне 1 жыл болды. Аяулы да ардақты, ақылшы панамыз, үйіміздің отанасы анамызды сағынышпен еске аламыз.

Шуақтанып төкпейтіндей таң нұрын,
Аласарып қалған сынды тау бүгін.
Ақша бұлттан биік тұрған секілді,
Ана сенің, Ана сенің жаулығың.

Иіскейміз жаулығыңды сағынып.
Көз жасымыз көл болды ғой зарығып.
Бізге енді аманат боп қалады,
Орындалмай кеткен арман, бар үміт,

Сіз төктіңіз мейірімнің шуағын,
Ұрпағыңыз - қанат жайған қыранын.
Жаныңызға жайлы мекен болсыншы,
Жаратушым нәсіп етсін Жұмағын.

Еске алушылар: балалары, немере - шөберелері
Марқұм анамыз Талдыбаева Нұрғати Тұрысбекқызының рухына бағышталған құран-қатым 22 шілде күні Құндызды ауылындағы «Адина» тойханасында ерлер мен әйелдерге сағат 13:00-де бірге беріледі. Қатымға барлық туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, дос-жаран, ауылдастарды шақырамыз.



Қарауыл ауылының тұрғыны болған аяулы анамыз, немерелерінің сүйікті әжесі **Қарсыбайқызы Төлұханның** өмірден өткеніне 1 жылдың жүзі болды. Анамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Кеттің де, кара жерге тұрақтадың,
Ағызып сағыныштың бұлақтарын.
Жаркылдап ортамызда жүруші едің,
Қайтейік, бөрімізден жырақтадың.

Аяулы да, ардақты асыл ана,
Көздерімде көңілдің жасы ғана.
Сағынышты айтамыз кімге барып,
Сарсаң болған армандар шашыла ма?

Жыл өтті құлазыған әр ақ таңым,
Сағыныш арқалаған сағаттарым.
Алдыңыздан тек қана енді ашсын,
Жөннаттың дарбазасын Жаратқаным.

Еске алушылар: балалары, немерелері, шөберелері
Марқұм анамыздың рухына бағышталған жылдық асы "Атамекен" тойханасында 28 шілде күні сағат 13:00-де ерлер мен әйелдерге бірге беріледі. Асқа барлық туған-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, ауылдастарын шақырамыз.



Кенгірбай би ауылының тұрғыны болған аяулы анамыз **Құрманат (Құрманай) Серғазықызының** жарық дүниеден қош айтысқанына да 1 жылдың жүзі болды. Жатқан жері

мамық, топырағы торқа болсын.

Боз таңға айналып ақ үміт,
Жүректер жылайды сағынып.
Қамшының сабындай өмірге,
Еш амал таппаймыз шағынып.

Анашым, ақ арман көктейді,
Жаныма шуағын сеппейді.
Мейірілі мүбәрақ жүзіне,
Көктегі күн нұры жетпейді.

Сағыныш айналып салмаққа,
Жүрекке зіл болып орнап па...
Жаратқан Алладан сұраймыз,
Жаныңыз болсыншы жәннатта.

Еске алушылар: балалары, немерелері



Балалық шағымызды бірге өткізген адал да қимас достарымыз, сыныбымыздың алды, үнемі бетке ұстары болған **Өміржанов Мұхтар Төлұғалиұлы, Смағұлов Токтамыс Слямғалиұлы, Жұмабаев Айдын Жұмағазыұлы, Исағалиев Ғалымхат Маратұлы** балалық шақтың қызықты кезеңдерімен байланыстыра отырып мектеп бітіргенімізге 30 жыл толуына орай сағына еске аламыз. Жатқан жерлерің жайлы, топырақтарың торқа болсын, біз сендерді мәңгі ұмытпаймыз.



Бейкамдыққа тұнған бұлтсыз аспаным,
Еске түсіп бала күнгі шақтарым.
Осы кезде әрқайсыңды сағындық,
Бал дәуренде бірге жүрген достарым.



Бұл фәниден ертеректеу өткенмен,
Ортамыздан тым жыраққа кеткенмен.
Жанымыздың бөлшегі боп тұрсыңдар,
Атқан таңдай қарсы алатын көк белден.

Сендер бізден кеткенмен жыраққа,
Сағынамыз, әр күн сайын бірақ та.
Рахымымен, мейіріңе бөлесін,
Жаратушым өздеріңді жұмақта.

Еске алушылар: 1986 жылғы Абай орта мектебінің 10 «б» сынып түлектері



Кенгірбай би ауылының тумасы, Семей қаласының тұрғыны болған ардақты әке, асыл жар **Мырзабаев Даниял Хамзаұлының** өмірден өткеніне 1 жылдың жүзі болды.

Жайсандық пен жақсылыққа бастаған,
Ешкімнің де ала жібін баспаған.
Түнжырайды тымық ауа тығылып,
Бір жыл өтті, әке сенің баспанан.

Бір жыл өтті бір ғасырға толардай,
Әке, сендік мейірімді таба алмай.
Көңіл іздеп, күте берді бәрібір,
Көздің жасы көл боп толқып ағардай.

Маңайына асыл нұрын таратқан,
Күн боларсың бізді таңда оятқан.
Дұға қылып отырады ұрпағын,
Жаныңызға нұрын төксін Жаратқан.

Еске алушы: жары Гүлбаршын, балалары, немерелері.
Марқұм әкеміздің рухына бағышталған жылдық асы Семей қаласы, Комсомол кентіндегі "Төлүбек қажы" мешітінде 29 шілде күні ерлерге сағат 11:00-де, әйелдерге сағат 13:00-де беріледі. Асқа барлық туған-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, ауылдастарын шақырамыз.

ӘЙГЕРІМ БҰЛАҒЫ МЕН ОСПАН КӨЛЖАСТАР ЖАНАШЫРЛЫҒЫНДА

Өркениет көшіне ілесетін ел жастарының белсенді болмағы ләзім. Бұл ретте өскелең буын жадына тұтқан «Бұлақ көрсең көзін аш!» деген бабалар өсиеті Абай елінде де өміршен. Бүгінде игі іске ұйытқы бола білетін жас буын бұл сөзімізді нақты іспен дәлелдеуде. Атап айтсақ, жуырда облыстық «Жасыл ел» жастар жасағы мен Абай аудандық Жастар орталығының бірлесіп ұйымдастыруымен «Ақ бұлақ» республикалық акциясы өткізілді. Осынау игілікті шара аясында кәсіптік мекен Әйгерім бұлағының басы тазаланып, қоқыстар мен балдырларға, лайға толған бұлақ көзі ашылып, манайы ретке келтірілді.

Абайлық жастар қоғамдық істе белсенді. Бұл жолы да осындай үлдеден табылды. Ілкімді шара аудандық Жастар орталығының басшысы Мейіржан Смағұловтың жетекшілігімен және де ауданымыздағы қоғамдық ұйым «Жасыл ел» жастар жасақтарының ат салысуымен орын алды. Ауданның абаттандыру, көгалдандыру, тазалық жұмыстарына білек сыбана қатысатын жасылелдіктер бұл игілікті шараға да жоғары даярлықпен келген екен. Арнайы формаларын киіп, қолдарына күрек, тырмауыш алған жастар бұлақ басынан бастап оның төменгі арналарын да тазартып, бұталардан арылт-

ты. Сондай-ақ, Әйгерім бұлағына аялдап, салқын суынан қанып ішетін жолаушылар үшін арнайы коқыс салғыш орнатып, ескертпе қағаз да ілді.

-Бірден айтайық, бүкіл республиканы қамтыған акция аймағымыз бойынша біздің ауданда ғана көрініс табуда. Кәсіптік мекенге деген құрметтен болар, ұйымдастырылып отырған шараға жастар өте молынан жиналды. Сонымен қатар, жасылелдіктер тарихи орынның маңыздылығына қанығып, бірқатар мағлұматтар да ала алды. Өздері көзін тазалап ашқан бұлақтың салқын суына қанып ішіп, ерекше әсерге бөленді. Осынау мекеннің тағылымын айқын сезіне алды, - дейді Жастар орталығының басшысы Мейіржан Смағұлов.

Бұлақ басынан соң аудан жастары тағы бір тарихи орын - Оспан көліне барып, табиғат аясындағы саяхаттарын көңілді жалғастырды. Шілденің шілінгір ыстығында суға шомылып, ашық аспан астында тамақтанып,



спорттық ойындар ойнап, уақыттарын қызықты өткізді. Сонымен қатар, қайтарларында Оспан көлінің жағалауына санитарлық тазалық жүргізіп, өздерінің патриот әрі белсенді жастар екендіктерін тағы бір мәрте дәлелдеді. «Жас келсе – іске» деген рас.

Тоғжан РАХЫМБЕКҚЫЗЫ,
«Абай елі»

Бәрекелді!

ЗЕРЕ = ОЛИМПИАДА ЖҮЛДЕГЕРІ



Еліміздің білім беру жүйесіне дендеп ене бастаған жанашырлықтың бірі - менталды арифметика. Бұл арнайы жүйені қолдану арқылы балалар кез-келген арифметикалық есептерді калькулятордың көмегімен ой арқылы өте жылдам және дәл шығара алады.

Халықаралық «ISMA» әдістемесі баланың бойында логика, зейінді шоғырландыру, фотографиялық есте сақтау, өз-өзіне деген сенімділік, оқудағы жетістік, аналитикалық ойлау, жылдамдық терізді өте маңызды дағдылардың қалыптасуына негіз болып табылады екен. Жалпы менталды есептеу барысында мидың екі жақ жарты шарлары бір мезгілде бірге жұмыс істеуге жаттығады. Сол арқылы балаңыздың креативті тұрғыда ойлауы дамиды.

- Шығармашылық қабілеттерге жауап беретін мидың оң жақ жарты шары бала көз алдына абақусты елестеткен кезде дамиды. Ал логика мен аналитикалық ойлауға жауап беретін мидың сол жақ жарты шары бала зейінді шоғырландырып, логиканы қолдану арқылы өз ойындағы абақуспен түрлі есептерді шығарғанда дамиды.

Тағы бір айта кетерлігі бұл әдістеме 5 пен 16 жас аралығындағы балаларға арналған. Соңғы жылдары

еліміздегі білім беру жүйесіне енгізілуде. Атап айтсақ, Семей қаласындағы менталды арифметика мектебі өткен 2015 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Бүгінде оған абайлық өрендер де қатысып, тәлім алуда. Мәселен, М.Әуезов атындағы орта мектебінің 5 сынып оқушысы Оңғарова Зерені анасы Семейдегі менталды арифметика мектебіне демалыс күндері апарып оқытып қайтады. Қазіргі күні 3-ші деңгейін аяқтапты. Жетістіктері көңіл қуантады. Сәуір айында өткен қалалық менталды арифметика олимпиадасының жүлдегері атаныпты. Аталған олимпиада жайында жергілікті «ТБК-6» арнасының сарапшы-журналисі» Вера Кропачеваның «Апта тақырыбы» атты авторлық бағдарламасына анасы екеуі сұхбат берген болатын.

Зере жуырда тағы бір мәрте үлкен жеңіске ие болды. Маусым айында Алматы қаласындағы әйгілі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғимаратында өткен «ISMA-KAZAKHSTAN» менталды арифметика бойынша 2-ші республикалық олимпиадасына қатысқан болатын. Осынау республикалық байқауда «Junior-3 а» деңгейі бойынша бақ сынап, 187 баланың ішінен 3 орынды иеленіп қайтты. Айта кетерлігі сол аталған білім сынына еліміздің 23 өңірінен 1013 оқушы қатысып, өзара шеберлік сынасқан болатын. Олимпиадада Семей қаласы командалық есеп бойынша 1-ші орынды иеленді. Зеренің ұстазы Назерке Серікқызы шәкірттерінің үлкен үміт күтетінін айтады. Біз де абайлық өрен Зеренің болашағына үлкен сеніммен қараймыз.

Анар КАБДУӘЛИКЫЗЫ
«Абай елі»

Білімімен биікті бағындырған

ЕРКЕЖАНҒА ІЗГІ ЛЕБІЗ

Кенгірбай би ауылындағы Шәкерім орта мектебінің түлегі Сейтказы Еркежан Қибадоллақызы 2014 жылы Алматы қаласындағы Әл-Фараби Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін қызыл дипломға бітіріп, осы жылы Алматыдағы Ахмет Байтұрсынұов атындағы тіл білімі институтының магистратурасына оқуға түсіп, грант иегері болған. Магистратураны жоғары шәкіртакымен оқып, биыл өзінің магистрлік диссертациясын өте жақсы бағамен қорғап бітіріп шықты. Сонымен қатар, өзі қосымша іздене жүріп, мемлекеттік қызметке түру үшін тапсырылатын 8 түрлі заң бөлімдерінің тестін тапсырып, одан 95 балл жинап, өз білімін тағы бір мәрте жоғары деңгейде көрсете білді.



Ата-анасының, он бір жыл бойы оқытып, білім берген аяулы ұстаздарының еңбегін ақтаған, аяулы қызымыз Еркежанды магистратураны үздік бағамен бітіруімен және «филология ғылымдарының магистранты» болуымен шын жүректен құттықтап, болашақта өмірлік жолда тірек болатын, өзі үшін сенімді серік болатын кәсібіне шығармашылық шабыт тілейміз. Талмай еңбектенген еңбегін, тер төгіп оқыған білімнің ақталып, өз мамандығының иесі болуына және де алдағы басталатын еңбек жолына сәттілік тілей отырып, адам бойындағы адами құндылықтарды бойына сақтап, «оқыған адам керегін алады, ой түйіндеп жүрегінің сандығына салады» демекші алған білімінді зерделеп, жетілдіре түсуіне тілектеспіз. Тіршілік болған соң сан түрлі қиындықтар алдан шығады, соның бәрін жұдырықтай жүрек сүзгісінен өткізіп, ақылмен, біліммен шешуіне және білім-білігін өзіне лайық, мейірімді, қайырымды адамгершілігі мол азаматша болуына тілектеспіз. Бұл тілек саған деген ата-ананың, туған-туысыңның шексіз мейірімі, елжіреткен жүректерінен шыққан ықыласы деп түсінерсің.

Тілек білдіруші: ата-анаң, аға-жеңсең, бауырларың: Самғат, Алдияр Кенгірбай би ауылы

Талантын мініп тұлпарын

НҰРҚЫЗ МҮШӘЙРА ЖҮЛДЕГЕРІ



Шүкір, бүгінде талабы мен таланты ұштасқан жастар Абай елінде де жетерлік. Биіктерді бағындырып, өнердің әр саласы бойынша еліміздің мандайалдысы атанып жүрген өрендердің көптігі қуантады. Жуырда сондай жастардың қатары тағы бір есіммен толықты. Бұл жолы жерлесіміз Нұрқыз Мырзаханова топ жарды.

Сөз басында айта кетелік, осыдан біраз бұрын Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлы хазіреттің бастама-сымен жарияланған "Дін және тарих тағылымы" жылы аясында ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ақындар арасында "Бағытым-

Ислам, Бақытым-Тәуелсіздік" атты діни жырлар мүшәйрасы ұйымдастырылған болатын. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» демекші, республикамыздың әр түкпірінен кил мықтылар қатысып, бақ сынаған айтулы байқауға Қарауыл гимназиясының "Ақсұңқар" ақын-дар сыныбының түлегі, бүгінде Семейдің Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің филология факультетінің III-курс студенті Мырзаханова Нұрқыз да қатысқан-ды. Нұрқыздың айы оңынан туып, нәтижесінде аталған байқаудан жүлделі I-орынды иеленіп аудан абыройын асқақтатып қайтты.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай өткізілген мүшәйраға республиканың түкпір-түкпірінен жасы 18-ден асқан ақындар қатысып, өз жырларын ұсынған болатын. Өскемен орталық мешітінде бас қосқан ақындар сол жерден таулы Алтайдағы көрікті мекен Теректіге жол тартты. Шығыс Қазақстан облысының Марқакөл ауданы, Теректі ауылында жаңа мешіттің ашылу салтанаты бары-

сында мүшәйраға қатысушылар, барша жамағат салтанатты жиын мен мерекелік концертті тамашалап, сонында марапаттау рәсіміне куә болысты.

"Бақ шаба ма, бап шаба ма" демекші, мүшәйраға сайланып келген жиыны 60-тан астам жазба ақынның 26-сы іріктеліп, өзара қайта сайысқа түсіпті. Сөйтіп, төрт турдан сүрінбей өткен ақындар ақтық нәтиже бойынша жүлделі орындармен марапатталды. Атап айтсақ, Бас жүлде - Умра қажылығына Әскерхан Ақтай ие болса, I-орынды Мырзаханова Нұрқыз, II-орынды Игембаев Айдын, III-орынды Саят Қамшыгер иеленді. Сондай-ақ ҚМДБ төрағасы, Бас мүфтидің арнайы жүлдесімен Ұларбек Дәлейұлы марапатталды.

Ал, I-орынды қанжығасына байлаған Нұрқыз Мырзаханованың сөзге тартқанымызда "алдағы уақытта өлең атты қасиетті мекеннің шырағын сөндірмей, өнер атты өлкеде әрі қарай өрлесем деймін" деп тілек білдірді. Таланты жасқа біз де талантың мұқалмай биіктерге самғай бер деп ізгі лебіз білдіреміз.

Анар СӨРСЕНБИНА,
"Абай елі"

Мойыңа үл алып...

Кенгірбай би ауылының тұрғыны, құрметті, аяулы апамыз Тоқажанова Батинафиш Шалабайқызын асқаралы 60 жасымен шын жүректен құттықтаймыз.

Алпыстың асқарына шыққан кезде, Текке ғұмыр өтпесін ұққан кезде. Ана деген мерейге бөленді, Бала-шаға бақтың құшқан кезде.

Бүгінгі күн-құтты күн бәрімізге, Арайланып саламыз өнімізге. Құшақ-құшақ гүлдермен қарсы аламыз, Қуанышты күндерді әлі біз де.

Ал, еңдеше, тойлайық, қуанайық, Асыл бейнең мадаққа сірә, лайық. Жадырап ортамызда сіз жүріңіз, Күн нұрындай көзіңнен нұр алайық!

Ізгі тілекпен: келіні Гүлишат, бауырлары Марғұлан-Гүлзат, Ұлан-Тоғжан, Мадина, Мирас, Ақзере.



“Абай елі”
Жауапкершілігі шектелі серіктестігі
Абай аудандық
қоғамдық-саяси апталық газет

Құрылтайшысы:
Абай ауданы әкімдігі
“Абай елі” ЖШС Директор - Бас редактор Нұржан БАЙТУСОВ
Редакцияның мекен-жайы:
070100 Қарауыл ауылы,
Құнанбай көшесі, 12-үй.Тел/факс:
9-23-43
e-mail: abay_eli_1@mail.ru
www.abayeli.kz

Газет айына төрт рет шығады.

Редакция оқырман хаттарын қайтармайды.
Автордың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 01.07.13 жылы тіркеліп, N 13720 - ІІ тіркеу куәлігі берілген.
Газет “Спектр” ЖШС баспа орталығында офсеттік тәсілмен басылып шығады. Мекен-жайы: Шұтаев к-сі, 30.
Таралымы 2200 дана.
Тапсырыс № 871
2 Баспа табак.